

Болысбаева А.К.

дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abolysbayeva@gmail.com

**ҚАЗАҚ МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ:
РЕТРОСПЕКТИВАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ АХУАЛЫ**

Қазірде посткеңестік кеңістік мемлекеттері діни ренессанс процесін бастан кешіріп отыр. Қазақстан үшін бұл ислам дінінің қайта жаңғыруымен сипатталуда. Жетпіс жыл бойы басшылық еткен атеистік идеологияға байланысты діни салада пайда болған вакуумның нәтижесінде ғылыми және қоғамдық дискурста ислам діні бойынша түрлі қарама-қайшы ой-пікірлер орын алып отыр. Солардың бірі – қазақ әйелдерінің діндарлығы, атап айтқанда діни тәжірибені орындау және хиджаб мәселесі болып табылады. Аталмыш сұрақтардың уақытылы жауабын таппауы белгілі бір дәрежеде қоғамда әлеуметтік шиеленістің туындауына ықпал етуі ықтимал. Сол себепті осы зерттеудің мақсаты қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портретін анықтау болып табылады.

Мақалада зерттеліп отырған мәселеге қатысты отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынып, эксперттердің сұхбаттары сараланды. Сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамындағы мұсылман әйелдің бет-бейнесін құрастыру мақсатында визуалды әдістер (фотосуреттерді талдау) қолданылды.

Зерттеу барысында ислам дінінің қазақ халқының өміріндегі рөліне тарихи-дінтанулық шолу жасалынып, тарихи дереккөздер негізінде мұсылман әйелінің ретроспективалық бейнесі құрастырылды. Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі әйелдердің діндарлығының ахуалына талдау жүргізілді. Қазіргі таңда объективті себептерге байланысты қазақстандық мұсылман әйелдің бірегей әлеуметтік портретінің жоқ екендігі және болашақта Қазақстан халқының арасында исламдық бірегейліктің кең таралатындығы туралы болжамдар толығымен дәлелденді.

Болашақта алынған мағлұматтар дінтану, тарих, этнология, дін әлеуметтануы сынды пәндер үшін дәрістер дайындауға қолданылуы мүмкін.

Түйін сөздер: мұсылман әйел, ислам, хиджаб, дәстүр, идеология.

Bolysbayeva A.K.

PhD student department of Department of Religious and Cultural studies,
Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: abolysbayeva@gmail.com

**Social portrait of the Kazakh Muslim woman:
a retrospective and a modern state**

In our days post-Soviet countries are experiencing a process of religious renaissance. For Kazakhstan this is due to the revival of Islam. As a result of the vacuum in the religious sphere, formed as a result of the seventy-year rule of atheistic ideology, there are contradictions in the scientific and social discourse on issues of Islam. One of them is the problem of women's religiosity, especially the wearing of the hijab and the execution of religious practice. Untimely resolution of these issues can lead to social tension. Therefore, the purpose of this study is to compile a social portrait of a Kazakh Muslim woman

The article deals with the works of Kazakh, Russian and foreign scholars dealing with this issue, as well as an analysis of expert interviews. To form the image of a Muslim woman in a traditional Kazakh society, visual methods (photo analysis) are used.

In the course of the study, a historical and religious analysis of the role of Islam in the life of the Kazakh people was prepared, and a retrospective portrait of a Muslim woman was compiled on the

basis of historical data. Also modern trends in female religiosity have been explored. Hypotheses were confirmed about the great prospects for the development of Islamic identity among the Kazakh people and the absence of a single social portrait of a Muslim woman due to objective reasons in modern Kazakhstan society.

In the future, the data obtained can be used to prepare lectures on the following disciplines: religious studies, history, ethnology, sociology of religion.

Key words: Muslim woman, Islam, hijab, tradition, ideology.

Болысбаева А.К.

докторант кафедры религиоведения и культурологии,
факультет философии и политологии, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: abolysbayeva@gmail.com

Социальный портрет казахской мусульманки: ретроспектива и современное состояние

На сегодняшний день страны постсоветского пространства переживают процесс религиозного ренессанса. Для Казахстана это связано с возрождением ислама. В результате вакуума в религиозной сфере, образовавшегося в следствии семидесятилетнего господства атеистической идеологии, в научном и общественном дискурсе имеют место противоречия по вопросам ислама. Одним из них является проблема женской религиозности, в особенности вопросы ношения хиджаба и исполнения религиозной практики. Несвоевременное разрешение данных вопросов может привести к социальной напряженности. Поэтому целью данного исследования является составление социального портрета казахской мусульманки.

В статье рассматриваются труды казахстанских, российских и зарубежных ученых, занимающихся данной проблематикой, а также проведен анализ экспертных интервью. Для формирования образа мусульманки в традиционном казахском обществе использованы визуальные методы (анализ фотографий).

В ходе исследования подготовлен историческо-религиоведческий анализ роли ислама в жизни казахского народа, на основе исторических данных составлен ретроспективный портрет мусульманки. Также исследованы современные тенденции женской религиозности. Были подтверждены гипотезы о больших перспективах развития исламской идентичности среди казахстанского народа и отсутствия единого социального портрета мусульманки в силу объективных причин в современном казахстанском обществе.

В будущем полученные данные могут быть использованы в подготовке лекций по следующим дисциплинам: религиоведению, истории, этнологии, социологии религии.

Ключевые слова: мусульманка, ислам, хиджаб, традиция, идеология.

Кіріспе

Қазіргі таңда қоғамдық пікірде де, ғылыми дискурста да маңызды тақырыптардың бірі діни біртектілік мәселесі болып табылады, әсіресе осылардың арасында әйелдердің діншілдігі ерекше қызу дискуссия туғызатындығы баршамызға аян. Мұның дәлелі ретінде діни маркер – хиджаб жөнінде пікірталастардың толастамауын келтіре аламыз. Дискурсты зерттей келе бір-біріне қарама-қарсы екі көзқарасты алға тарта аламыз. Бірі хиджаб араб елінің ұлттық киімі, қазақ халқына тән емес дәстүр екендігін айта келіп, қазіргі таңда Қазақстанның зайырлы мемлекет екендігін алға тартса, хиджабты жақтаушылар әйел адамның әурет жерлерін жауып жүруі Аллахтың алдындағы міндеті деген пікір ұстанады. Осы екі көзқарастың арасында қайсысының оң, қайсысының қате екендігін анықтау маңызды мәселе болып табылады.

Себебі, бұл екі көзқарастың арасындағы дау қоғамның аражігіне сызат түсіре бастағаны бүгінгі күні болып жатқан қоғамдық оқиғалардан белгілі. Солардың бірі – хиджабтағы қыздарын мектепке кіргізбегені үшін мектептің алдында намаз оқыған әйелдердің оқиғасы. Осыларды ескере отырып, қазірде қазақстандық мұсылман әйелінің әлеуметтік портретін құрастырып, мұсылман қазақ әйеліне хиджаб тән бе деген сұраққа жауап табу қажеттілігі туындап отыр.

Өзекті әрі сенсетивті проблема болуына байланысты ислами бірегейлік мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отырғаны анық. Атап айтатын болсақ, ислами бірегейліктің қалыптасу тарихын зерттеуге В. Бартольд, И. Крачковский, Богуславский, О. Большакова, А. Крымский сынды атақты ғалымдар өз үлесін қосқан.

Сонымен бірге заманауи қоғамдағы діни бірегейлік мәселесі Т. Асад, Х. Казанова, У. Кон-

нели, А. Кыржелев, Дж. Милбанк, А. Нанди, М.К. Паша, О. Руа, Ч. Тейлор, Ю. Хабермас, А. Хоружий еңбектерінде талданды.

Қазақстандық ғылымда исламдық бірегейлік мәселесін С. Абжалов, А. Абуов, Қ. Бағашаров, Н. Байтенова, Б. Бейсенов, М. Бектенова, Қ. Борбасова, Е. Бутова, Қ. Затов, Д. Кенжетай, А. Косиченко, А. Құрманалиева, А. Муминов, Р. Мұхитдинов, Н. Нұртазина, Ж. Сандыбаев, Б. Сатершинов, Н. Сейтахметова, Г. Соловьева, Ш. Рысбекова, К. Таджикова және басқалары көтерген.

Дін және дәстүрдің үйлесімділігі проблемасын С. Бөлекбаев, Т. Ғабитов, Ғ. Есім, А. Құлсариева, З. Қодар, Д. Құсайынов, А. Масалимова, Н. Нұрмуратов, Г. Нұрышева, М. Шайкемелова және басқалары зерттеген.

Әйелдердің түрлі исламдық белсенділік формаларына қатысуы және мұсылмандық тиістілік мәнін қайта анықтауға арналған гендерлік, феминистік зерттеулерде (шетелдік ғалымдар Л. Абу-Лугход, Л. Ахмед, М. Бадран, Д. Кандиоти, Ф. Мернесси, Х. Могисси, А. Маклеод, А. Барлас, А. Вадуд, ресейлік және отандық ғалымдар З. Бараева, Г. Балтанова, Г. Досанова) түрлі мәселелер көрініс тапқаны белгілі.

Батыстық зерттеулердегі келесі бағыт «Басқаны» және Батыстағы мұсылмандық диаспораларды антропологиялық зерттеу (Ш. Амир-Мозами, К. Вернер, Г. Йонкер, Г. Клинкаммер, З. Некель) болып табылады.

Осы зерттеулердің болуына қарамастан, жоғарыда көрсетілгендей қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портреті әлі күнге дейін қызу дискуссия туғызып отыр. Сол себепті қазақ мұсылман әйелінің әлеуметтік портретін құру мақсатында зерттеу жүргізілді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегідей міндеттер қойылды:

– Ислам дінінің қазақ халқының өміріндегі рөліне тарихи-дінтанулық шолу жасау;

– Тарихи дереккөздер негізінде мұсылман әйелінің ретроспективалық бейнесін қалыптастыру;

– Әйелдердің діндарлығының қазіргі ахуалын зерттеу;

– Әйелдердің арасындағы ислами бірегейліктің даму перспективаларына болжам құру.

Осы мақсат-міндеттерді орындау үшін келесі зерттеу әдістері қолданылады:

– Дереккөздермен жұмыс

– Құжаттарды талдау

– Эксперттік сұхбаттарды екінші талдау

Зерттеудің объектісі: діндар әйел

Зерттеудің пәні: қазақ мұсылман әйелінің портреті

Ғылыми зерттеудің жаңалығын төмендегідей тұжырымдар құрайды:

1) Ислам қазақ жерінде бірнеше ғасырлар бойы мемлекеттік дін мәртебесіне ие болуына байланысты халықтың арасында діни көзқарастар кең таралған. Сондықтан қазақ әйелдерінің арасында басына орамал тағып, жабық киім киюінің салт-дәстүрлерге сай ибалылық пен тәрбиеліліктің нышаны болуымен қатар діни мағынасы да бар.

2) Қазақтың тұрмыс құрмаған қыздары жабық киім кигеніне қарамастан, оларға орамал тағу, шашын жауып жүру міндет болмаған. Мұны қазақ халқының салт-дәстүрлерімен байланыстыруға болады. Ең алдымен бір ауылда бір ру өкілдерінің өмір сүруі және жеті атаға дейін қыз алыспау салтының болуына орай қыз балаға исламда әурет жер болып саналатын шашын жауып жүру міндеттелмеген.

3) Қазіргі таңда заманауи қазақстандық мұсылман әйелінің бірегей образы жоқ. Бұл қазақстандық қоғамдағы діни практикалардың әркелкілігімен байланысты.

4) Болашақта қазақстандық әйелдердің арасында діндар әйелдердің санының көбеюін болжай аламыз.

Негізгі бөлім

Адам баласы қоғамсыз өмір сүре алмайтындығы белгілі, әсіресе бұл ұжымдық сана басшылық ететін дәстүрлі қоғамдарда ерекше байқалады. Сол себепті жеке бір адамның, немесе бір әлеуметтік топтың діндарлығын тұтастай діннің қоғамда алған орнын қарастырмай зерттеу мүмкін емес. Сондықтан біз, ең алдымен, дәстүрлі қазақ қоғамындағы ислам дінінің орнын анықтап алуды жөн көрдік. Бұл тұста ғалымдар арасында бірегей пікір жоқ. Белгілі мәдениеттанушы Т. Ғабитов қазақ халқының арасында исламның орнығу деңгейі туралы ғылыми дискурста бес түрлі көзқарас орныққандығын айтып, осы көзқарастарға талдау жасайды.

1) «Қазақтар исламды формальды түрде қабылдаған, ол ұлттық мәдениетке теріс әсерін тигізген» (миссионерлік көзқарас)

2) «Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінде исламнан гөрі шаманизмнің, зороастризмнің, тәңірлік діннің ықпалы басым, сондықтан осы соңғыларын қайтадан жаңғырту керек» (реставраторлық көзқарас)

3) «оңтүстіктегі қазақтарда мұсылмандық менталитеті басым болса, басқа аймақтарда ислам онша тарамаған, олардың кейбіреулері, тіпті буддалық, христиандық-несториандық мәжусилік сенімде болғандардың ұрпақтары» (ажыратушылық көзқарас)

4) «қазақтар ислам дінін Орта Азия және Еділ бойы халықтарының ықпалымен қабылдаған» (сыртқы әсер ілімі)

5) «қазақтардың діні көне мифологиялық және салттық (ритуалдық) деңгейден шықпаған» (мифтік-салттық көзқарас) (Ғабитов 1998: 159-160)

Көріп отырғанымыздай, Қазақстандағы исламның таралуы және қазақ халқының исламды қабылдауы мәселесіне қатысты көзқарастардың көптігі бұл мәселенің күрделілігін көрсетеді.

Қазақтар толыққанды мұсылман болған ба деген сұраққа жауап беру үшін тарихқа жүгінген абзал.

Ислам дінінің VII ғасырда Сауд Арабияда пайда болғандығы баршаға мәлім. Ал ислам дінімен Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың танысуы VIII ғасырдан бастау алады. Атап айтатын болсақ, 751 жылғы Атлах шайқасы тек қытай мен арабтардың, яғни тек екі мемлекеттің арасындағы шайқас емес, ол екі діни көзқарастың, екі өркениеттің – конфуцийшілік-буддалық және мұсылман мәдениеттерінің тоғысқан күресі болып табылады. Осы шайқастың нәтижесінде қазақ жеріне ислам ене бастап, 960 жылы Қарахандар мемлекетінде Сатұқ Боғра ханның ұлы Мұса ханның тұсында мемлекеттік дін статусына ие болады. Бартольдтың айтуынша, тарихтан 960 жылы Жетісуда 200 000 түгін түркілер (карлұқтар) ислам дінін салтанатты түрде қабылдағаны белгілі (Бартольд 1992: 46).

Моңғол шапқыншылығынан да кейін, біршама уақыттан соң ислам діні Қазақстан жерінде жаңа пайда болған мемлекет Алтын Ордада Өзбек ханның тұсында қайтадан мемлекеттік идеология мәртебесіне көтеріледі.

Ибн Рузбиханның деректерінде қазақтар жаппай намаз оқитын, мұсылман мемлекеті деп сипатталады (Сатершинов 2013: 158).

Сонымен, «исламтану үдерісінде ортағасырлық Қазақстанда сонау VIII ғасырдан бастау алып, X-XII ғасырларда шарықтау кезеңінен өткені (Қарахандар дәуірінде), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Алтын Орда кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржолата ислам үстемдік құрып, осы негіздер болашақта сақталып отырғаны себепті Қазақ Хандығы толыққанды мұсылман

мемлекеті ретінде дамығандығын батыл түрде айтып дәлелдеуіміз керек» (Нұрғазина 2002: 68).

Сондықтан ислам діні ежелден қазақ халқының қоғамдық санасына еніп, салт-жоралғыларымен, күнделікті өмірімен толығымен біте қайнасқандығын мойындауымыз керек.

Осының айқын дәлелі ретінде қазақ жерінде жарық көрген заң жинақтарының Құранның аяттарымен пара-пар келуін дәлелдей аламыз. Атап айтатын болсақ, адам өлімі үшін төленетін құнның ер адамға 1000 бас ірі қара болса, әйелдің 500 бас ірі қараға бағалануы Құрандағы бір ер адамның екі әйел адамға пара-пар келетіндігі туралы принциппен сай келеді. Сонымен бірге қазақ халқының інжу-маржаны «Абай жолындағы» діни салттардың сипатталуы, соның ішінде Қодар мен Қамқаның шарифатпен жазалануы, Құнанбайдың қажылыққа аттануы сынды оқиғалардың суреттелуі қазақ халқының исламды ұстанғанын, мұсылман болғандығын көрсетеді.

Сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамына тән құндылықтардың ислами догматтармен бірлесуінің өзі де қазақ халқы үшін исламның жат идеология еместігін дәлелдей түседі. Қыз баланың тәрбиесіне қазақ халқының баса назар аударғандығын «қыз балаға қырық үйден тию» сынды халық даналығынан байқауға болады. Осылайша, ислам бойынша, әйелге қасында туыс немесе жұбайы болып табылатын ер адамсыз саяхаттауға тыйым салынуы қазақтың «қызға қырық үйден тию» атты мақалын толығымен сипаттап береді.

Дегенмен, егер қазақ халқы мұсылман болса, қазақ қыздарының қолаң шашты болып суреттелуі олардың хиджаб кимегенін дәлелдейді емес пе? Қазақ қыздары не себепті хиджаб кимеген деген сауалға толыққанды жауап беру үшін жалпы ғылыми дискурста бірегей көзқарасқа ие емес термин хиджаб мәселесінен бастаған абзал.

Хиджаб мәселесіне қатысты ғалымдардың арасында плюралистік көзқарастың болуының дәлелі ретінде хиджаб дегеніміз не сынды сауалдың өзіне зерттеушілер түрлі жауаптарды ұсынуынан көруге болады.

Осылайша, хиджаб деп әйел адамның киімін емес, кеңістікті бөлу, жапқыш деген мағына береді деп есептейтін ғалымдар бар (*El Guindi 2009*). Сонымен бірге кейбір зерттеушілер хиджаб деп әйелдердің ер адамдардан бөлініп, оқшаулануын белгілейтін термин деп тұжырымдайды (*Glasse 2001: 179-180*).

Дегенмен, ғалымдардың көпшілігі хиджабты мұсылман әйелінің сыпайылығы, ибалылығы мен жеке өміріне дербес құқықтылығын сақтау үшін киетін киімі деп топшылайды. Ислам және мұсылман әлемінің энциклопедиясына жүгінетін болсақ, сыпайылық Құранда тек тек әйелге емес, ер адамға тән көзқарастарына, жүріс-тұрысына, киімі мен әурет жерлеріне жауып жүруге насихатталады (Martin 2003: 721). Кейбір ислами құқықтық жүйелер қарапайым, жабық киім үлгісіне әйелдердің беті, білезікке дейінгі қолы және аяқтың басынан басқа жерлерін қамтиды деп тұжырымдайды (Glasse 2001: 179-180) (Fisher 2011).

Сонымен бірге әйел адамның хиджабты киюі-кимеуіне қатысты да көзқарастарда біркелкіліктің жоқтығын айта кету керек. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, Құран әйел адамды хиджаб киюге міндеттемейді (Ghamidi 2001). Исламтанушылар Л. Ахмед, Р. Асланның пайымдауларына, алғашқы уақытта хиджаб тек Мұхаммед пайғамбардың (ғ.а.с.) әйелдеріне қатысты болған, олардың дербес құқықтылығын сақтау үшін қолданылған. Бұл Пайғамбардың мешіті үйінің маңында болуы мен оған жердің түпкір-түпкірінен адамдардың келуі, сол территорияда күртеше тігіп өмір сүруіне байланысты, Пайғамбардың әйелдері хиджаб киіп жүрген. (Aslan 2011: 66). Л. Ахмедтің тұжырымдауына, дарабат аль-хиджаб термині Мұхаммед Пайғамбардың жұбайы сөзімен пара пар болған. (Ahmed 1992: 55-56). Р. Асланның пайымдауына, мұсылман әйелдер хиджабты Мұхаммед пайғамбардың әйелдеріне (ғ.а.с.) еліктеу мақсатында кие бастаған (Aslan 2011: 65)

Енді бір топ ғалымдардың пайымдауына, хиджаб әйел адамға Құранмен міндет етілген киім үлгісі болып табылады. Жалпы, Құранда берілген 6000 аса аяттардың біршамасы әйел адамның қалай тұрып, жүруі қажеттілігін айтып өтеді (Vucag 2012: 99). Сондықтан, исламдағы ең жиі қарастырылатын әлеуметтік мәселе әйел проблемасы болып табылады деген қорытындыға келуге болады (Guillaume 1956: 71). Құранның Азхаб сүресінде «Әй Пайғамбар! Жұбайларыңа, қыздарыңа және мүмін әйелдерге айт: Үстеріне бүркеншіктерін орансын» (Құран 33:59) деп көрсетілсе, Нұр сүресінің: «Мүмін әйелдерге айт: (Бөгде ерлерден) көздерін сақтасын. Әрі ұятты жерлерін (зинадан) қорғасын. Сондай-ақ зейнеттерін көрсетпесін. Бірақ олардың өздігінен көрінетіндері басқа (беті, қол-аяқтары). Зейнеттерін көрсетпесін» деген аят әйелдердің жабық киім киіп жүру қажеттілігін алға тартады. Сонымен бірге Құранда Мұхаммед пайғамбарға

(ғ.а.с.) мұсылман әйелдерге сыртқа шыққанда сыртқы киім киіп жүруін міндеттеген (Nameed 2003).

Осының негізінде Құранда әйел адам хиджаб киіп жүрсін деген сөздердің берілмеуіне қарамастан, қазіргі түсініктегі хиджабқа сай әурет жерлері жабық тұратын киім үлгісі міндеттелгенін байқаймыз.

Келесі мәселе тарихи құжаттар арқылы қазақ қыз-келіншектерінің, апа-әжелерінің портретін қалыптастыру болып табылады. Бұл іс-әрекетті жүзеге асыру үшін біз архивтік суреттерге, жазбаларға дереккөз ретінде жүгінуді жөн көрдік. (1-8-суреттер).

Тұрмысқа шықпаған қазақ қыздары ... бір немесе екі өрімге қосылған ұсақ өрімдермен жүрген» деп этнолог Стасевичтің пайымдауынан (Стасевич 2011: 56) қазақ қыздарының хиджаб талаптарына сай келетіндей киінбегенін байқауға болады (Сурет 1-2). Дегенмен келін болып түскен тұстан бастап, басына орамал тағып жүргені анық көрінеді. Басқаша айтқанда, келіншектер, апа-әжелердің киім үлгісі толығымен Құрандағы әйел адамның киім талаптарына сай келетінін көруге болады (3-8-суреттер).

Тұрмыс құрмаған қыздардың көптеген еңбектерде қолаң шашты болып суреттелуі, сонымен бірге халқымыздың арасында «орамалың құтты болсын» деп жаңа түскен келінге ғана орамал тағылатынын дәлелдейтін ұғымдар қазақ қыздарының хиджаб талаптарына сай киінбегенінің дәлелі болып табылады.

Қызын қызғыштай қорғаған халқымыз не себепті қыз балаға хиджаб киюді міндеттемеді деген сауалдың туындайтыны анық. Бұл тұста исламда әйел адам белгілі бір категорияға жататын ер адамдардың алдында хиджаб киюі міндет еместігін айта кету керек. Құранның Нұр сүресінің 31 аятында осы топқа жататын адамдардың тізімі келесідей етіп көрсетіледі: «... Бірақ ерлеріне, әкелеріне, қайын аталарына, олардың ұлдарына, әпке-сіңлілерінің ұлдарына, Мұсылман әйелдерге, қолдарындағы күндеріне, әйел керек қылмайтын қызметшілерге немесе әйелдердің ұят жерлерін білмейтін балаларға көрсетулеріне болады».

Жалпы исламтанушы ғалымдар осы аяттың негізінде әйел өзі отбасы немесе романтикалық қарым-қатынас құра алмайтын адамдардың, сонымен бірге жұбайының алдында хиджаб кимеуіне рұқсат берілгендігін келтіреді (Неба 2004). Осыған қоса кейбір зерттеушілердің пікірінше, көзі соқыр және физикалық құмарлық таныта алмайтын адамның алдында хиджаб кию міндет емес (Nameed 2003), (Browne 2016: 89).

ТҰРМЫС ҚҰРМАҒАН ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ СУРЕТТЕРІ



1-сурет – Қазақ қыздары. (Қызыл құм шөлі, В.Д. Пельц, 1914)



2-сурет – Қазақ қыздары. (Каспий маңы, С.Руденко, 1926)

ТҰРМЫС ҚҰРҒАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОБРАЗДАРЫ



3-сурет – Бопай ханым (суретші Дж.Кэстл)



4-сурет – Билердің әйелдері (Зейдлиц, 1883)



5-сурет – Тұрмыс құрған қазақ әйелінің үй киімі
(Семей обл. С.М.Дудин, 1907)



6-сурет – Каспий маңы, С.Руденко, 1926)



7-сурет – Тұрмыс құрған қазақ әйелінің мерекелік киімі
(Қызыл құм шөлі, В.Д.Пельц, 1914)

ҚАРТ ӘЙЕЛДЕРДІҢ СУРЕТТЕРІ



8-сурет – Қарт әжей (Семей обл. С.М. Дудин, 1907)



9-сурет – Егде жастағы әйелдер (Көкшетау уезді, де-Лазари, 1896)

Дәстүрлі қазақ қоғамында жеті атаға дейін қыз алыспау заңдылығының болуы және белгілі бір ру өкілдерінің бір ауыл болып өмір сүруіне байланысты қазақ қыздарының басына орамал тағып жүруі міндет болмаған деп топшылауымызға болады. Себебі, өз ауылында қыз балаға құда түсіп, жары атанатын адам болмаған.

Қазақ қыздары келін атанып, басқа ауылға, жаңа өмірге қадам басуы оның басына орамал тағудан басталатыны анық. Бұл дәстүрдің де исламға толығымен сай келетіндігін ескеру керек. Атап айтатын болсақ, келін басқа ру өкілі болуына байланысты оның ауыл тұрғындарымен тікелей туыстық қатынасы болмайды. Сол себепті келіннің міндетті түрде орамал тағып жүруі қажет болған.

Осылайша, архивтік суреттер қазақ қоғамында жас әйелге шашын жауып, орамал тағып жүруі міндеттелгенін, орта және егде жастағы апа-әжелердің басына кимешек киіп, кимешекті тұрақты өңіріне сай етіп түрлі ою-өрнекпен әшекейлегенін көруге болады. Сондықтан қазақ халқының дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоймай, керісінше, екеуінің симбиозын шебер таба білгенін айқын байқауға болады. Қазақ әйелінің шашын жауып, орамал тағуы дәстүр екендігін исламтанушы А. Әбдірасылқызы да дәлелдейді (Әбдірасылқызы 2016: 5)

Ал Кеңес дәуірінің орнығуы қазақстандық мұсылман әйелдің бет-бейнесін, өмір салты мен дүниетанымын өзгертті. Діннің қоғамдық сананы улаушы опиум, өткен ғасырдың сарқыншағы ретінде сипатталып келуі кеңес дәуіріндегі саяси жағдай бірнеше буынды атеистік идеология құрсауында өмір сүруіне ықпал етті. Дегенмен, қаһарлы атеизм халықтың діндарлығын толығымен жойып, адамдардың жүректеріндегі діни сенімнің отын өшіре алмағанымен мемлекеттік идеологияға байланысты қоғам өмірінде белгілі бір өзгерістердің болғандығын ескермеу мүмкін емес. Бұл діндарлықтың жасырын позицияға өтуіне алып келді, сол себепті әйелдердің зайырлы киім үлгілеріне сай киінуі сынды өзгерістер заңды болып табылады.

Сонымен бірге жетпіс жыл бойы Кеңес үкіметінің құрамында өмір сүрген Қазақстанда діни вакуум пайда болғандығы баршаға мәлім. Сондықтан болса керек, осы вакуумды толықтыру мақсатында қазақ жастары түрлі мемлекеттерге барып, діни біліммен сусындап, елімізге ислам догматтарымен қатар, оқыған елінің де жергілікті салт-дәстүрлерін қоса алып келгені белгілі. Осының нәтижесінде

қазіргі таңда Қазақстанда ислам мәселесіне қатысты қарапайым халықта ғана емес, кей кездері теологтардың да арасында белгілі бір ауызбіршілікті кездестіре алмаймыз.

Қазіргі таңда Қазақстанда тұрып жатқан халықтың 70% өзін мұсылманмын деп анықтайды. Дегенмен, олардың дүниетанымдарында, сырт келбетінде, өмір салтында бір-бірінен көптеген өзгешеліктердің бар екендігі бірден көзге түседі. Осы өзгешеліктердің негізінде мұсылман әйелдердің типологиясын құрастыруды жөн көрдік. Ғылымда мұсылмандарды конвенционалды және діндар деп екіге бөлу қалыптасқан. Дегенмен, осы екі топтың да өз ішінде біртекті еместігін айта кету керек.

Осылайша, конвенционалды мұсылмандар бір Аллаһтың барын мойындағанымен, діни өмірге қатысуы тек белгілі бір діни мерекелерді тойлаумен ғана шектеліп жатады. Олар белсенді діни практикамен (намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылық) айналыса бермейді. Кей жағдайларда конвенционалды мұсылмандардың арасында белгілі бір таңдаулы діни салтты ұстануы байқалуы мүмкін. Мысалы, көпшілік Рамазан айында ораза ұстайды, сонымен бірге зекет беру тәжірибесі де арасында жиі таралады.

Атап айтатын болсақ, көрсетілген 70% қазақстандықтардың тек 4% жуығы ғана ислам дінінің бес парызын толығымен орындайтындығы белгілі.

Осы азшылықтың өзінде біз бірталай айырмашылықтарды байқай аламыз. Біздің зерттеу пәніміз мұсылман әйелі болғандықтан, тек әйел адамға қатысты айырмашылықтарды атап өтуді жөн көріп отырмыз. Бұл айырмашылықтар сыртқы келбетінде, дүниетанымында, өмір салтында кездесіп жатады.

Қазіргі таңда талқыға түсіп отырған мәселе хиджаб, орамалдан бастауды жөн көрдік. Қыз бала тәрбиелеп отырған діндар отбасыларда қыз баланың тәрбиесіне байланысты көзге ерекше түсетін айырмашылық – хиджабты кию кезеңі болып табылады. Кей діндар отбасыларда қыз баланы балиғат жасына жеткеннен кейін ғана хиджаб киюін құптаса, басқа бір топ отбасыларында қыз балаларды тәй-тәй басқан уақытынан бастап-ақ хиджаб киюге міндеттейтіндігінің куәсі болып отырмыз.

Сонымен бірге қазіргі таңда ересек қазақстандық мұсылман әйелдердің арасында киім үлгілерінде де айтарлықтай айырмашылықтардың бар екендігі белгілі. Мәселен, бір топ әйелдер беті, білезіктен төмен қолы және аяқ ұшынан басқа жерлерді әурет деп киіммен

жабуға тырысса, енді басқалары мойынды да әуреттен тыс жерге бағалайды. Бұл тенденцияны батыстық зерттеушілер сәннің ықпалымен тығыз байланыста қарастырады. (Meку 2014) (Nouh 2016)

Үшіншілері үшін әйел адамның барлық денесі әурет болып саналып, барлық дене мүшелерін тұмшалайды.

Қазіргі таңда кеңінен тарап келе жатқан тағы бір тенденция – хиджабты тек намаз оқыған кезде кию, яғни намаздан тыс уақытта бұл топтағы әйелдер зайырлы қоғам талаптарына сай киініп жүреді.

«Дегенмен мәселенің маңызы бір жағы – діни сауаттылығы төмен қоғамға ең әуелгі орамалды емес, иман мәселелерін, сенім негіздерін насихаттау қажеттілігі. Хазіреті Пайғамбар ең әуелі орамалды емес, иман мәселелерін кеңінен түсіндірді емес пе? Иман мәселелері шешілген қоғамда исламның кез келген тыйымдары мен бұйрықтарының да оп-оңай шешілері сөзсіз. Иманнан бұрын орамалды насихаттаудың – уықсыз шаңырақ көтермек болған бос әурешілікпен тең болары сөзсіз» (Сатершинов 2013: 162). Сондықтан мәселені қарастыруды тек хиджабтың ғана аясында қарастыру объективті емес болып табылады. Себебі, қазақстандық мұсылман әйелдердің арасында дүниетанымында, діни көзқарастарында, өмір салтында ерекшеліктер де бар. Көп жағдайда қазіргі заманауи қазақстандық мұсылман әйелдер атеистік отбасыларда тәрбиеленуіне байланысты, олар өздерін-өздері мұсылман «етті» деп атауға болады (Досанова 2010: 7). Дегенмен, қазіргі уақытта белгілі бір өзгерістердің орын алып келе жатырғанын ескеру керек, осылайша бүгінгі күні ата-анасының да діндар болу ситуациясымен кезігіп отырмыз. Бірақ бұның тенденция емес жекелеген жағдай екендігін ескеру керек.

Қоғамдық пікірде мұсылман әйел тек отбасы мен бала тәрбиесімен айналысып, адал жар, аяулы ана, әже сынды жеке әлеуметтік статустардан басқа әлеуметтік статустарды иеленуге тырыспайды деген жаңсақ пікір бар. Қазақстандағы әйелдердің діндарлығын зерттеуші әлеуметтанушы Г. Досанова мұсылман әйелдерді қоғамдық өмірдегі белсенді актор деп бағалап, олардың өміріндегі жамағаттың орнын ерекше бағалайды. Оның пікірінше, жамағат төмендегідей функцияларды атқарады:

– Діни (көпшілікке діни дәрістер өткізу, бірігіп намаз оқу және діни салт-жоралғыларды орындау, қасиетті мәтіндерді бірігіп оқу және

интерпретациялау, некедегі, отбасындағы, бала тәрбиесіндегі, киім киюдегі, тамақтағы мұсылман канондары мен талаптар туралы ақпарат тарату және т. б.);

– Әлеуметтік (интеграция, комьюнитидің мүшелерін материалды және моральды қолдау, жұмыс, өмірлік жолдас іздеуге, мінез-құлықтың жаңа нормалары мен үлгілерін қабылдау ретіндегі қайта әлеуметтенуге (дресс-код, мұсылмандық этикет, гендерлік рөлдер, мұсылман әйелінің жұбайы мен балаларының алдындағы міндеттері) көмек беру;

– Мәдени (шетел тілдерін үйрену, біріккен уақыт өткізу, діни және зайырлы сипаттағы шетелдік білім беру бағдарламалары жайында ақпарат тарату, сән көрсетуді ұйымдастыру, жеке өмірде белгілі бір жағдайларға: некелесу, баланың дүниеге келуі, өлім-жітімге байланысты кездесулер) (Досанова 2010: 9).

Көріп отырғанымыздай, мұсылман әйелдердің шетел тілдерін үйренуі, өзара білім беру бағдарламаларына қызығушылық танытуы, зайырлы халал-мейрамханалар мен дәмханаларда кездесу ұйымдастыруы мұсылман әйелдердің қоғамның белсенді мүшесі екендігін дәлелдейді.

Осылайша, заманауи қазақстандық мұсылман әйел ол өзін-өзі дамытуға талпынатын жан-жақты тұлға болып табылады.

Дегенмен, қазақстандық діндар әйелдің әлеуметтік образдарына талдау жасаған тұста экстремистік ағымдардың құрсауындағы әйелдерді де қарастырмай кету біздің талдауымызды тек біржақты болуына ықпал етеді.

Қазақстандық эксперт А. Әбдірасылқызының пікірінше, экстремистік идеяларға жақын әйелдерге келесілер тән:

1) Дәстүрлі емес жамағаттың әйел ізбасарлары балаларын дәстүрлі емес көзқарастар аясында тәрбиелеп, олардың құқықтары мен бостандықтарын белгілі бір деңгейде шектейді. Бұл қыз балаларын қинап хиджаб кигізуінен, балаларының кейбір мектептік пәндерге (биология, сурет, өзін-өзі тану) қатысуына рұқсат бермеуінен, дене шынықтыру, өнер, би үйірмелеріне қатыстырмауынан, зайырлы білім беру жүйесіне сыни көзқарасты қалыптастыруынан, вакцинациядан бас тартуынан көрініс табады.

2) Дәстүрлі емес діни отбасылардың әйелдері төмендегідей іс-әрекеттерге қатысады:

– оқшауланған (салафиттік) жамағат мүшелерінің арасында дәстүрлі емес діни ағым жақтастарының көзқарастарына негізделген өмір салтын дәріптеу;

– зайырлы өмір салтын және зайырлы тәрбиені қабылдамау және оларды діни өмір салтының антиподы ретінде қарастыру;

– жамағат мүшелері арасында дәстүрлі емес көзқарастарды насихаттау;

– өз діни көзқарастарына сай келмейтін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қағидаларын қабылдамау;

– шариғат заңдарына негізделмеген зайырлы мемлекетке қатысты сыни көзқарастарды қалыптастыру;

3) Діни экстремизм үшін сотталған адамдардың әйелдері түрмеде отырған күйеулерінің жамағатпен байланысын дамыту мен жалғастыруда басты рөл атқарады. Бұған дәстүрлі емес діни ағымдағы жамағат өкілдерінің сотталған адамның отбасы мүшелеріне материалдық көмек көрсетуі ықпал етеді.

4) Сонымен бірге Сириядағы соғыс зонасына кеткен адамдардың әйелдері экстремизмнің жаһандық феминизациясы нәтижесінде пайда болған іс-әрекеттерге қатысады (Абдирасилқызы 2016). Оңтүстік Қазақстанның Сарыағаш қаласының тумасы Ұлболсын, Ақтөбе облысының тұрғындары Гүлбану Асанова мен Эльмира Сүлейменнің Сирияға аттануы осының айқын дәлелі болып табылады (Свобода слова 2015)

Экстремизмнің феминизациясының себептерін қарастыра келе, оның құрсауына түскен әйел адамның әлеуметтанулық портретін құрастыру потенциалды құрбанды анықтауға және онымен адрестік жұмыс жасауға мүмкіндік туғызады.

Мадрид автономды университетінің саясаттану және исламдық зерттеу докторы К.Маликов «секс-джихадқа» аттанып, террористік ұйымдардың мүшелеріне айналатын көп жағдайда екінші рет тұрмыс құра алмай жүрген жесір немесе ажырасқан әйелдер екендігін алға тартады. Дегенмен, отбасындағы зорлық-зомбылықпен ұшыраған тұрмыстағы әйелдер мен өзінің екінші жартысын таба алмай жүрген жас қыздардың да арасында Сирияға аттанатындары кездеседі. Олардың барлығы дерлік мешіт-медреселерде білім алып, исламдық курстарды аяқтамаған неофиттердің, яғни кенеттен діншіл болып кеткендердің қатарына жатқыза аламыз (Аркин 2015).

Ал ресейлік эксперт В.А. Сосиннің пікірінше, әйелдерді суицидтік терроризмге үгіттеу үшін олардың діни сауатсыздығы, олардың исламның «уахабистік» тұжырымдарын дұрыс деп тануға негізделген примитивті діни көзқарастары

қолданылады. Сонымен бірге ғалым әйелдерді діни террористік актіге итермелейтін себептерге ол әйелдердің негативті біртектілігінен айырыла алмай, қоғамға қайта оралу мүмкіндігінен жоғалтуына байланысты өзінің ар-ожданын құтқарудың жалғыз жолы ретінде суицид арқылы «әулие азаптанушы» мәртебесіне өту қарастырылады (Сосин 2011: 30-44).

Қырғызстандағы Сириядан қайтып келгендердің арасында жүргізілген сауалнама олардың мемлекет жүргізіп отырған саясатқа көңілі толмайтын орта тап өкілдері екендігін және олардың тағдырына ренжіген, болашағына сеніммен қарамайтын адамдар екендігін анықтады (Аркин 2015)

Жоғарыдағы көрсетілген кандидаттарды Риколфидің дифференциалау үлгісінің негізінде (Ricolfi 2005: 111) өзіміздің үш топтан құралған модельді ұсынамыз:

1) Өздерін таңдаулылар ретінде қарастыратындар. Олардың мотивациясының түп-тамырын өзін Құдаймен таңдалғандар (Жаратушы азап шегушілерді таңдайды) және азаптану трансценденталды марапаттарға жетудің ең қысқа жолы ретінде қарастыруы құрайды.

2) Кек алуға тырысушылар. Бұл топтың басты мақсаты террористік актілерде немесе әскери іс-қимылдарда қаза тапқан туыстары үшін кек алу болып табылады.

3) Саяси режимнен көңілі қалғандар. Бұл топқа саяси жүйені тек революция жолымен ғана өзгертуге болатындығына сенімді адамдарды жатқызуға болады.

Қазіргі таңда мемлекеттің алдындағы басты міндеттердің бірі әйелдерді деструктивті ағымдардың құрсауынан азат ету, оларды қоғамдық өмірге қайта бейімдеу болып табылады. Сондықтан, қазіргі таңда деструктивті ағымдардың құрсауына түскен әйелдерді реабилитациялау үшін мемлекет тарапынан түрлі іс-шаралар жүргізілуде. Мәселен, деструктивті радикалды ағымдардан зардап шеккендерге психологиялық-теологиялық көмек көрсету мақсатында «Шаңырақ» реабилитация, профилактика және дін мәселелері бойынша кеңес беру орталығының қызмет ете бастауы, Ақтөбе қаласында «Аңсар» ақпараттық-талдау орталығының жанында террористік іс-әрекет үшін сотталған ер адамдардың әйелдеріне арналған тігінцехының ашылуы, оларды қоғамнан оқшаулау емес, керісінше қоғамға қайта қабылдау мақсатында жүргізіліп жатқан іс-әрекеттер болып табылады.

Қорытынды

Сонымен қазіргі кезеңде Қазақстан, барлық посткеңестік сынды діни-рухани жаңғыру процесін бастан кешіріп отыр. Сол себепті діни ахуал қазіргі таңда көптеген сұрақтардың туындауына әкеліп отыр. Бұл ең алдымен ислами сананың ренессансымен байланысты болғандықтан, қазақ халқы толыққанды мұсылман болған ба, қазақ қыз-келіншектері, апа-әжелері хиджаб киген бе деген сынды сауалдар барша қазақстандық қауымдастықты қызықтырары сөзсіз. Сол себепті біз осы сұрақтардың жауабын іздестіріп, төмендегідей қорытындыларға келдік:

– Дәстүрлі қазақ қоғамында ислам діні таралып, барша халықпен қабылданған идеология болған. Қазақтар мұсылман болмаған немесе жартылай мұсылман болған деген көзқарастар атеистік идеологияны қалыптастыру үшін тарихи фактілерді фальсификациялау болып табылады.

– Қазақ халқы дін мен дәстүрді шебер үйлестіре білген. Мысалы, кимешектер белгілі бір аумаққа ғана тән ою-өрнектермен әшекейленетін болған.

– Қазақ халқының тұрмыстық, ұлттық айырмашылықтарына байланысты қазақ қыздарының арасында орамал тағу салты болмаған. Мұны дәстүрлі қазақ қоғамында жеті атаға дейін қыз алыспау заңдылығының болуы және белгілі бір ру өкілдерінің бір ауыл болып өмір сүруіне байланысты қазақ қыздарының басына орамал тағып жүруі міндет болмаған деп топшылауымызға болады.

– Келін статусын иеленген әйелдерге орамал тағу және апа-әжелерге кимешек кию міндетті болған. Осы киім үлгілерінің Құран талаптарына сай екендігі анықталды.

– Осыларды негізге ала отырып, қазақтар хиджаб кимеген деген ой-пікірлердің белгілі бір дәрежеде жаңсақ екендігін алға тарту керек. Қазақ әйелдері хиджаб талаптарына сай кимешек/орамал және дене бітімін жасыратын қазақы көйлектер киген.

– Қазіргі таңда мұсылман әйелінің бірнеше паттерндерін кездестіре аламыз. Бұл қоғамдағы әлеуметтік-саяси, діни және мәдени факторларға байланысты болып табылады. Негізгі паттерндерге: конвенционалды, діндар мұсылман әйелдерді жатқыза аламыз. Өз ішінде аталған топтар бірнеше типтерге бөлінеді. Атап айтқанда, конвенционалды мұсылман әйелдердің арасында белгілі бір діни тәжірибелерді орындамайтын, діни өмірге қатысуы тек діни мерекелерді атап өтумен шектелетін мұсылман әйелдермен қатар, діни парыздардың таңдаулы түрлерін орындайтын (ең таралғаны ораза ұстау және зекет беру) мұсылмандарды жатқыза аламыз. Діндар мұсылмандардың қатары да әрқелкі. Бұл топтың ішінде қазірде кең етек алып келе жатырған – хиджаб кимейтін діндар әйелдерді баса атап өту керек. Бірақ қазіргі заман талабына орай үшінші топ ретінде экстремистік идеяларға бейім діндар әйелдерді де жеке топ ретінде қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

– Болашақта қазақстандық әйелдердің арасында діндарлықтың жоғарылайтындығын болжай аламыз. Мұны посткеңестік кеңестік мемлекеттеріне тән діни ренессанспен қатар, объективті факторлармен (діндар отбасыларда бала санының көп болуы, діндар отбасынан шыққан әйелдердің өздерінің де діндар болуы) байланыстыруға болады.

Қорыта келгенде, қазақ халқы ежелден исламды ұстанып, дін мен дәстүрдің симбиозын шебер құра білгендігін тарихи еңбектерден көре аламыз. Мұның жарқын дәлелі ретінде қазақ қыз-келіншектерінің образдарын көрсете аламыз. Сол себепті қазіргі күні пайда болған дін мен дәстүр арасындағы шиеленісті шешу жолында біршама іс-әрекеттер жүргізілуі тиіс. Солардың бірі қазақ әйелдерінің діндарлығы мәселесіне дінтанулық-тарихи зерттеулер жалғасын тауып, университеттерде белгілі бір мамандықтарда осы мәселені қарастыратын арнайы курстар ашылса, осы зерттеу материалдары аталған шараларға өз үлесін қосатынына сенімдіміз.

Әдебиеттер

Ahmed L. (1992) *Women and Gender in Islam: Historical Roots of a Modern Debate*. New Haven and London: Yale University Press, p. 55-56

Aslan R. (2011) *No God but God*. Random House, p. 65.

Абдирасилқызы А. (2016). Мероприятия в Актобе могут способствовать преодолению феминизации экстремизма, <http://e-islam.kz/ru/interview/item/11812-ajnur-abdirasilkyzy-provodimye-v-aktyubinske-meropriyatiya-sposobstvue-preodoleniyu-feminizatsii-ekstremizma>.

- Аркин Д. (2015). Джихад аль-никах. Жены секс-милосердия <https://www.caravan.kz/gazeta/dzhikhad-almikakh-zheny-seksmiloserdya-86920>.
- Әбдірасылқызы А. (2016). Қазақ орамал тағуды құптайды // Президент және халық, б. 5.
- Browne K., Munt S., Andrew K. T. Yip (2016) *Queer Spiritual Spaces: Sexuality and Sacred Places* – New York: Routledge. p. 89.
- Bucar E. (2012) *The Islamic Veil*. Oxford, England: Oneworld Publications, p. 99.
- El Guindi, Fadwa; Sherifa Zahur. (2009). Hijab / *The Oxford Encyclopedia of the Islamic World*. -The Oxford University Press, <http://www.oxfordreference.com/view/10.1093/acref/9780195305135.001.0001/acref-9780195305135-e-0306>.
- Бартольд В.В. (1993). Тюрки: двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы, с. 46.
- Все ушли на секс-джихад (2015). <https://yvision.kz/post/539240>.
- Досанова Г. (2010). Городские женщины в хиджабе. Новый феномен в Казахстане // *Вестник Российского университета дружбы народов*. Серия: Социология, с. 5-11 <http://cyberleninka.ru>.
- Fisher M. P. (2011) *Living Religions*. New Jersey: Pearson Education.
- Ғабитов Т.Х. (1998). Қазақ мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, б. 159-160.
- Ghamidi J.A. (2001) *Meezan – Al-Mawrid*.
- Құран Кәрім www.kuran.kz.
- Glasse C. (2001). *The New Encyclopedia of Islam*, Altamira Press, p. 179-180.
- Guillaume A. (1956). *Islam 2nd edition* – Harmondworth, p. 71.
- Hameed S.. (2003) "Is Hijab a Qur'anic Commandment?," IslamOnline.net.
- Heba G., Kotb M.D. (2004). *Sexuality in islam*. PhD Thesis, Maimonides University.
- Is it ok to take off the kimar and niqab in front of a blind man? (2013). Islamqa.info.
- Martin R.C. (2003). *Encyclopedia of Islam and the Muslim World*. New York: Macmillan Reference USA. p. 721.
- Meky Sh. (2014). "Under wraps: Style savvy Muslim women turn to turbans". *Al Arabiya*. <http://english.alarabiya.net/en/lifestyle/fashion-and-beauty/2014/10/09/Under-wraps-Style-savvy-Muslim-women-turn-to-turbans.html>.
- Nouh Y. (2016). "The Beautiful Reasons Why These Women Love Wearing A Hijab". *The Huffington Post*. https://www.huffingtonpost.com/entry/the-beautiful-reasons-why-these-women-love-wearing-a-hijab_us_57320575e4b0bc9cb0482225.
- Нұрғазина Н. (2002). Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу) Алматы: ҚазМӨҒЗИ, б. 68.
- Ricolfi L. (2005). *Palestinians 1981-2003*. In GAMBETA, Diego. (ed) 2005. *Making sense of Suicide Missions*. Oxford, Oxford University Press, p. 111.
- Women revealing their adornment to men who lack physical desire (2012). <http://www.islamweb.net/womane/nindex.php?page=showfatwa&Fatwald=113271>.
- Сатершинов Б.М. (2013). Ислам және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі әйел болмысы – Әйел және дін: халықаралық форум материалдары. *Женщина и религия: сборник материалов международного форума. Woman and religion the Works of International Forum*. Алматы : «Қыздар университеті» баспасы, б. 156-162.
- Соснин В.А. (2011). Психология суицидального терроризма в XXI веке: исторические параллели и современные геополитические тенденции // *Психологический журнал*. Т. 32. № 4. с. 30-44, http://e-notabene.ru/nb/article_614.html.
- Стасевич И. (2011). Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. СПб: «Наука», с. 56.
- Таштанова М. (2018). Найдены свыше 200 уникальных фотографий казахов Прикаспия // <http://www.kp.kz/7206-naydeny-svyshe-200-unikalnykh-fotografy-kazakhov-prikaspiya>.

References

- Әбдірасылқызы А. (2016). Qazaq oramal tağudı quptaydı [The Kazakh welcomes the towel wear] // *Prezident zhāne haliq*. p. 5.
- Arkin D. (2015). *Dzhikhad al'-nikakh. Zheny seks-miloserdya [Jihad al-nikah. Wives of sex-mercy]* <https://www.caravan.kz/gazeta/dzhikhad-almikakh-zheny-seksmiloserdya-86920>.
- Ahmed L. (1992). *Women and Gender in Islam: Historical Roots of a Modern Debate*. New Haven and London: Yale University Press, p. 55-56.
- Aslan R. (2011). *No God but God*. Random House, p. 65.
- Aynur Abdirasilkzy (2016). *Meropriyatiya v Aktobe mogut sposobstvovat' preodoleniyu feminizatsii ekstremizma [Activities in Aktobe can contribute to overcoming the feminization of extremism]* <http://e-islam.kz/ru/interview/item/11812-ajnur-abdirasilkzy-provodimye-v-aktyubinske-meropriyatiya-sposobstvuet-preodoleniyu-feminizatsii-ekstremizma>.
- Bartold V.V. (1993). *Tyurki: dvenadcat lekcij po istorii turekikh narodov Sredney Azii [Türks: twelve lectures on the history of the Turkish peoples of Central Asia]*. Almaty p. 46.
- Browne K., Munt S., Andrew K. T. Yip (2016). *Queer Spiritual Spaces: Sexuality and Sacred Places* – New York: Routledge. p. 89.
- Bucar E. (2012). *The Islamic Veil*. Oxford, England: Oneworld Publications, p. 99.
- Dosanova G. (2010). *Gorodskie zhenshchiny v khidzhabe. Novyy fenomen v Kazakhstane [City women in hijab. A new phenomenon in Kazakhstan]* // *Vestnik Rossiyskogo universiteta druzhby narodov*. Seriya: Sotsiologiya, p. 5-11 <http://cyberleninka.ru>.
- El Guindi, Fadwa; Sherifa Zahur. (2009). Hijab / *The Oxford Encyclopedia of the Islamic World*. -The Oxford University Press, <http://www.oxfordreference.com/view/10.1093/acref/9780195305135.001.0001/acref-9780195305135-e-0306>.
- Fisher M. P. (2011). *Living Religions*. New Jersey: Pearson Education.

- Gabitov T.H. (1998). Qazaq мәдениетінің типологиясы: Мәдениеттану оқу қурали. [Typology of Kazakh culture: Culturology textbook]. Almaty: Qazaq universiteti, p. 159-160.
- Ghamidi J.A. (2001). Meezan – Al-Mawrid.
- Glasse C. (2001). The New Encyclopedia of Islam, Altamira Press, p. 179-180.
- Guillaume A. (1956). Islam 2nd edition – Harmondworth, p. 71.
- Hameed S.. (2003). “Is Hijab a Qur’anic Commandment?,” IslamOnline.net.
- Heba G., Kotb M.D.(2004). Sexuality in islam. PhD Thesis, Maimonides University.
- Is it ok to take off the kimar and niqab in front of a blind man?”. (2013). Islamqa.info.
- Martin R.C. (2003). Encyclopedia of Islam and the Muslim World. New York: Macmillan Reference USA. p. 721.
- Meky Sh. (2014). “Under wraps: Style savvy Muslim women turn to turbans”. Al Arabiya.<http://english.alarabiya.net/en/life-style/fashion-and-beauty/2014/10/09/Under-wraps-Style-savvy-Muslim-women-turn-to-turbans.html>.
- Nouh Y. (2016). “The Beautiful Reasons Why These Women Love Wearing A Hijab”. The Huffington Post.https://www.huffingtonpost.com/entry/the-beautiful-reasons-why-these-women-love-wearing-a-hijab_us_57320575e4b0bc9cb0482225.
- Nurtazina N. (2002). Qazaq мәдениеті және ислам (tarihi-mәдениеттанулық zertteu) [Kazakh culture and Islam (historical and cultural studies)]. Almaty.: QazMÖGZI, p. 68.
- Qoran Karim www.kuran.kz.
- Ricolfi L. (2005). Palestinians 1981-2003. In GAMBETA, Diego. (ed) 2005. Making sense of Suicide Missions. Oxford, Oxford University Press, p. 111.
- Saterşinov B.M. (2013). Islam және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі әйел болмасы [Women in the traditional culture of Islam and the Kazakh people] Woman and religion the Works of International Forum. Almaty: «Qızdar universiteti» баспасы, p. 156-162.
- Sosnin V.A. (2011). Psikhologiya suitsidal’nego terrorizma v khkhi veke: istoricheskiye paralleli i sovremennyye geopoliticheskiye tendentsii [Psychology of suicidal terrorism in 21st Century: Historical parallels and contemporary geopolitical tendencies] / Psikhologicheskiy zhurnal.2011. V. 32. № 4., p. 30-44.
- Stasevich I. (2011). Sotsial’nyy status zhenshchiny u kazakhov: traditsii i sovremennost’ [The social status of women among Kazakhs: traditions and modernity], Saint-Petersburg: «Nauka», p. 56.
- Tashtanova M. (2018). Naideni svyshe 200 unikal’nyh fotografii kazahov Prikaspiya [Over 200 unique photos of the Kazakhs of the Caspian] <http://www.kp.kz/7206-naydeny-svyshe-200-unikalnykh-fotografii-kazahov-prikaspiya>.
- Vse ushli na seks-dzhikhad (2015). [Everyone went to sex jihad] <https://yvision.kz/post/539240>.
- Women revealing their adornment to men who lack physical desire (2012). <http://www.islamweb.net/womane/nindex.php?page=showfatwa&FatwaId=113271>.